



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.06.2023 ж.

№ 26, 4-т.

Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымының сала қызметкерлері үшін қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы

«Жамбыл облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Е.С. Мағзымбековтың «Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымының сала қызметкерлері үшін қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы» ақпаратын тындап және талқылай отырып,

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының төрағасы Е.С. Мағзымбековтың сала қызметкерлері үшін қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру жөніндегі ақпараты назарға алынсын.

2. Жамбыл облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының басқарушы органдары:

- сала қызметкерлері үшін қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

- әлеуметтік серіктестіктермен бірлесе отырып салалық келісімнің, аймақтық келісімнің, ұжымдық шарттардың міндеттемелері мен талаптарының орындалуына қол жеткізуді кәсіподақтың облыстық ұйымының, аудандық, қалалық комитеттерінің негізгі міндеттерінің бірі деп санасын;

- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы қызметкерлердің өмірлік маңызды мәселелерін шешу мақсатында әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру тәжірибесін, нысандары мен әдістерін жетілдірсін, еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастырсын;

- жұмыс берушілер тарапынан еңбек заңнамасын бұзудың алдын алуды барлық кәсіподақ құрылымдары қызметінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырсын; еңбекақы төлеу, педагогтарды аттестаттау, еңбек демалысын есептеу, сауықтыру жәрдемақысы және т.б. мәселелерге ерекше назар аударсын;

- сала қызметкерлеріне қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыруда әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру бойынша облыстық кәсіподақ ұйымының жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жарияласын.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары:

- 2024-2026 жылдарға арналған барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік актілерін жасау бойынша келіссөздер жүргізуді бастасын.

- мүшелік ұйымдарда кәсіби заң қызметін қалыптастыруды жалғастырсын.

- сала қызметкерлеріне қосымша еңбек және әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді қалыптастыруда әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру мақсатында Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымының озық тәжірибесі таратылсын.

- тұрақты түрде басшы органдардың, Салалық комиссияның отырыстарында кәсіподақ ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестіктің жағдайын, ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалу барысы, білім және ғылым саласының қызметкерлерін заңнамада көзделген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелеріне назар аудара отырып, қалалық және аудандық кәсіподақ ұйымдары басшыларының есептері мен ақпараты қаралсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасарлары В.Ф. Беженаровқа және Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін

Төраға



А. Мұқашева